

“БЕКІТІЛДІ”
№1 құрылтайшылардың шешімімен
Қ.Х.Қапанов
“12” ақпан 2014 ж.

Жарғы

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің «Хисмет Қапанов
атындағы Орал халықаралық гимназиясы »

Орал, 2014

1. Жалпы ережелер

1.1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік «Хисмет Капанов атындағы Орал халықаралық гимназиясы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктігі (бұдан әрі ОХГ) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады.

1.2. ОХГ жалғыз қатысушысы болып табылады: Капанов Қайдар Қисметұлы Ақтөбе облысында туылған, жеке куәлік № 041753890 ҚР ПМ 16.09.2016 ж. берілген ЖСН 571008302007, тұрғылықты мекен-жайы: Қазақстан республикасы, БҚО, Бәйтерек ауданы, Мичурино ауылы, Восточная көшесі, 3 уй.

1.3. ОХГ фирмалық атауы мемлекеттік тілде Хисмет Капанов атындағы Орал халықаралық гимназиясы орыс тілінде Международная гимназия уральск имени Хисмета Капанова

ағылшын тілінде LLP «International school of Uralsk by Khismet Karanov»

1.4. ОХГ – нің орналасқан жері және мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, БҚО, Орал қаласы. Жана-Орда ықшам ауданы, 22/1-ші үй

1.5. ОХГ қызметінің мерзімі шектеусіз.

1.6. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің мәртебесі жеке кәсіптік субъектісі.

1.7. Қызметінің негізгі түрлері: орта білім беру мен орта (жалпы орта, техникалық және кәсіптік) білім беруге негізделген мектепке дейінгі тәрбие

1.8. ОХГ заңнамалық актілерде және құрылтай шартында тыйым салынбаған қызметтің кез келген түрін жүзеге асыра алады.

1.9. Миссия: *Гимназист тұлғаны өзіндік дамытуға бейімдеу*

1.10. Серіктестік лицензияның негізіндегі тізбесі заңнамалық актілерде айқындалатын қызметтің жекелеген түрлерімен айналыса алады.

ОХГ лицензияның негізіндегі тізбесі заңнамалық актілерде айқындалатын қызметтің жекелеген түрлерімен айналыса алады.

2. ОХГ - нің заңдық мәртебесі

2.1. ОХГ мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға құқықтарын иеленеді.

2.2. ОХГ мөрі, дербес теңгерімі, банктерде шоттары, өз атауы жазылған бланкілері болады.

2.3. ОХГ өз қызметінің мақсатына жету үшін өз атынан мәмілелер жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге, міндеттер көтеруге, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

2.4. ОХГ Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардың қатысуы болуға құқылы.

2.5. ОХГ өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді. Мемлекет серіктестіктің борыштары бойынша жауап бермейді. ОХГ мемлекеттің борыштары бойынша жауап бермейді. ОХГ қолданыстағы көзделген жағдайларға қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2.6. ОХГ қатысушылар оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және серіктестіктің қызметіне байланысты шығындар бойынша өздері енгізген салымдар құнының шегінде тәуекелге барады.

3. ОХГ қатысушыларының құқықтары мен міндеттері

3.1. ОХГ қатысушылары:

- 1) серіктестік істерін басқаруға қатысуға;
- 2) серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға;
- 3) серіктестіктің қызметінен табыс алуға, таза табысты білуге қатысуға;
- 4) серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған серіктестік мүлкіндегі олардың үлесіне сәйкес оның мүлкінің бір бөлігін немесе оның құнын алуға;
- 5) өз үлесін иеліктен шығару жолымен серіктестікке қатысуды тоқтатуға;
- 6) «жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының **Заңында** (бұдан әрі Заң) және (немесе) серіктестіктің жартысына көзделген олардың құқықтарын бұзатын серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дауласуға құқылы.

3.2. ОХГ қатысушылары:

- 1) құрылтай шартының талаптарын сақтауға;
- 2) серіктестіктің жарғылық капиталына құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімде салымдар енгізуге;
- 3) серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге;
- 4) атқарушы органға, сондай-ақ тіркеушіге серіктестікке қатысушылар тізілімі енгізілген жағдайда осы жарғының **1-тармағы 1.2) тармақшасында** көзделген мәліметтердің өзгергені туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

3.3. Серіктестікке қатысушылар құрылтай шартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да міндеттерді көтеруі мүмкін.

4. Серіктестікке қатысушыларға, үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібі

4.1. Серіктестік өз қатысушыларының талап етуі бойынша оған қатысушылардың мүдделерін қозғайтын серіктестік қызметі туралы ақпарат беруге міндетті.

Серіктестікке қатысушылардың мүдделерін қозғайтын ақпарат болып:

- 1) серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысы, байқаушы кеңес. атқарушы орган, серіктестіктің тексеру комиссиясы (тексеруші) қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалғаны туралы ақпарат;
- 2) серіктестіктің меншікті капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан да астам пайызды құрайтын мөлшерде серіктестіктің қарыз алуы;
- 3) серіктестіктің нәтижесінде серіктестіктің меншікті капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан астам пайызды құрайтын сомаға мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын ірі мәміле немесе жиынтығында өзара байланысты мәмілелер жасасуы;
- 4) серіктестіктің қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар алуы және (немесе) белгілі бір әрекетті жасауы, олардың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату, сондай-ақ қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір әрекетті жасауға серіктестік бұрын алған лицензиялардан айыру;
- 5) серіктестіктің мүлкіне тыйым салу;
- 6) нәтижесінде серіктестік мүлкі жойылған, теңгерімдік құны қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он немесе одан астам пайызын құрайтын төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталуы;
- 7) серіктестікті және (немесе) оның лауазымды адамдарын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
- 8) серіктестікті мәжбүрлі қайта ұйымдастыру туралы шешім;
- 9) аудиторлық есеп (ол бар болғанда);
- 10) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат;
- 11) серіктестік жарғысына сәйкес серіктестікке қатысушылардың мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат танылады.

4.2. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат қатысушыларға олардың жазбаша сұраулары бойынша, атқарушы органға қатысушылардың (қатысушының) шешімінде белгіленген мерзімде беріледі. Үлесті сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты беру тәртібі және көлемі қатысушылардың (қатысушының) шешімімен және үлесті сатып алу туралы алдын ала шартта белгіленеді.

5. Серіктестіктің мүлкі

5.1. Серіктестіктің мүлкін негізгі қорлар және айналым қаражаты, сондай-ақ құны серіктестіктің дербес теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүлік құрайды. Серіктестіктің мүлкі оның құрылтайшыларының (қатысушыларының) салымдары, серіктестіктің алған табыстары есебінен, сондай-ақ заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздерден құралады.

Мүлік серіктестікке меншік құқығында тиесілі болады.

5.2. Мемлекеттік тіркеу сәтінде серіктестіктің жарғылық капиталы 100 000 (жүз мың) теңгені құрайды. 100% жарғылық капитал жалғыз құрушыға тиесілі. Серіктестіктің жарғылық капиталындағы салым ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жерді пайдалану құқығы және зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқық және өзге де мүлік болуы

4

мүмкін (Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылатын, жарғылық капиталы тек ақшамен ғана қалыптасатын арнайы қаржы компанияларын қоспағанда). Жеке мүлктік емес құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде салым енгізуге жол берілмейді. 5.3. Барлық қатысушылардың серіктестіктің мүлкіндегі үлестері олардың жарғылық капиталындағы салымдарына барабар болады және егер құрылтай шартында өзгеше көзделмесе, бүтіндегі бөлік немесе пайыз түрінде белгіленеді.

5.4. Серіктестіктің мүлкі қатысушылардың жарғылық капиталдағы бастапқы жарналарының, қосымша жарналарының, шаруашылық және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстардың, сондай-ақ серіктестіктің белгіленген тәртіппен сатып алған немесе алған қарыз қаражатының және басқа да мүлкінің есебінен құралады.

5.5. Қатысушылардың шешімі бойынша серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгертілуі мүмкін. Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту серіктестікке барлық қатысушылар өндіретін қосымша барабар салымдар; серіктестіктің меншікті капиталының есебінен жарғылық капиталының мөлшерін ұлғайту, оның ішінде оның резервтік капиталы есебінен; барлық қалған қатысушылардың келісімі болған жағдайда бір немесе бірнеше қатысушының қосымша салымдар енгізуі; жаңа қатысушыларды серіктестіктің құрамына қабылдау жолымен жүзеге асырылады.

Серіктестіктің жарғылық капиталының азайтылуы серіктестікке барлық қатысушылар салымдарының мөлшерін бара бар кеміту не жекелеген қатысушылардың үлестерін толық немесе ішінара өтеу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

6. Серіктестіктің органдары

6.1. Серіктестіктің органдары: серіктестіктің жоғары органы - оның қатысушыларының жалпы жиналысы (жалпы жиналыс); серіктестіктің атқарушы органы (жеке дара немесе алқалы) болып табылады.

Серіктестіктің құрылтайшылары серіктестіктің қадағалау (қадағалау кеңесі) және (немесе) бақылаушы (тексеру комиссиясы, тексеруші) органдарын құру туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Бір қатысушыдан тұратын серіктестікте, қатысушылардың жалпы жиналысының құзыретіне кіретін шешімді бір ғана қатысушы жеке дара қабылдайды және жазбаша ресімделеді.

Серіктестікке қатысушылардың жиналысының айрықша жалпы құзыретіне мыналар жатады:

- 1) серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгертуді немесе серіктестіктің жаңа редакциядағы фирмасын бекітуді қоса алғанда, серіктестіктің жарғысын өзгерту;

- 2) жарты серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ жауапкершілігі шектеулі серіктестікті немесе оның беру туралы шешім қабылдау;
- 3) серіктестіктің байқаушы кеңесін және (немесе) тексеру комиссиясын (сін) сайлау және олар (тексерушісін) олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестіктің тексеру есептері мен қорытындыларын бекіту; тексеру комиссиясының (тексерушісінің)
- 4) жылдық қаржылық есептілікті бекіту және таза табысты болу;
- 5) ішкі ережелерді, олардың қабылдану рәсімін және серіктестіктің бекітілуі серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жартысымен сат серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін жатқызылған құжаттардан басқа, басқа да құжаттарды бекіту;
- 6) серіктестіктің өзге де шаруашылық серіктестіктеріне, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім;
- 7) серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім;
- 8) тарату комиссиясын тағайындау және тарату төңгерімдерін бекіту;
- 9) серіктестікке қатысушыдан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім
- 10) серіктестіктің барлық мүлкін кепілге беру туралы шешім;
- 11) серіктестіктің мүлкіне косымша жарналар енгізу туралы шешім;
- 12) серіктестікке қатысушыларға және үлесті сатып алушыларға

серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібін және мерзімдерін бекіту. Осы тармақтың 1), 7), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша, сондай-ақ жарғыда анықталған басқа да мәселелер бойынша шешімдер серіктестікке қатысушылардың жиналысына қатысушылардың және өкілдері арқылы білдірілгендердің төрттен үш білікті басым көпшілігінің дауысымен қабылданады.

Осы тармақтың 9) тармақшасы бойынша шешім қабылданған кезде мәжбүрлеу тәртібімен сатып алынатын қатысушы дауыс беруге қатыспайды және оған тиесілі дауыс саны санақ кезінде ескерілмейді.

Қалған шешімдер серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысына қатысушылардың және өкілдері арқылы білдірілгендердің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Жалпы жиналыс серіктестіктің қызметіне байланысты кез келген мәселені қабылдауға құқылы.

6.2. Атқарушы орган бас директор болып табылады, олар қатысушылардың қарауға жалпы жиналысына есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады. Құрылтайшы бас директорын орынбасарларын тағайындаған кезде еңбек қатынастары еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі.

Бас директор жанынан директорлар кеңесі құрылады, оған гимназия директоры мен оның орынбасары кіреді. Дирекцияның құзыретіне жалпы жиналыстың құзыретіне жатпайтын серіктестік қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады. Серіктестіктің атқарушы органының құзыретіне,

жалпы жиналыстың, оның айрықша құзыретіне жатпайтын заңға сәйкес атқарушы органға берілген өкілеттіктер де жатады.

6.3. Серіктестік бас директорының өкілеттіктері:

- 1) серіктестіктің атынан сенімхатсыз әрекет жасайды;
- 2) серіктестіктің өкілі болу құқығына, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығымен сенімхаттар береді;
- 3) серіктестіктің қызметкерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау туралы, оларды ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтармен шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін белгілейді, лауазымдық жалақылар, дербес үстеме ақылардың мөлшерін белгілейді, сыйлық беру мәселесін шешеді, көтермелеу колданады; шараларын қабылдайды және тәртіптік жазалар қолданады;
- 4) қатысушылардың жалпы жиналысының құзыретіне немесе байқаушы органдардың құзыретіне жатқызылмаған өзге де өкілеттіктерді, сондай-ақ оған серіктестікке қатысушылардың өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5) директордың өкілеттіктері:

- сенімхатсыз барлық ұйымдарда оқу орнының барлық мүдделері атынан әрекет етеді;
- қызметкерлерге қатысы қызметке тағайындау, ауыстыру, жұмыстан босату туралы бұйрықтар шығарады, көтермелеу және тәртіптік жазалау шараларын қолданады;
- жарғыға қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

6.4. Серіктестіктің атқарушы органының қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін байқаушы кеңес құрылуы мүмкін.

Серіктестіктің байқаушы кеңесінің қызметі мен олардың шешімдер қабылдау тәртібі ережемен және жалпы жиналыс қабылдаған өзге де құжаттармен анықталады.

6.5. Серіктестіктің атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін серіктестікке қатысушылардың ішінен немесе олардың өкілдерінен тексеру комиссиясы құрылуы немесе тексеруші тексеру мүшелері сайлануы мүмкін. Органдарының Серіктестіктің тексеру комиссиясы немесе жеке-дара тексерушісі жалпы атқарушы жиналыста бес жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Серіктестіктің комиссиясының мүшелері бола алмайды.

Тексеру комиссиясының (тексерушінің) жұмыс тәртібі ішкі қызметті реттейтін ережелермен және өзге де құжаттармен белгіленеді.

7. Мекемедегі жұмыс тәртібі

7.1. Жекеменшік мекеменің жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасында көрсетілген тәртіпке сәйкес анықталады.

8. Мемлекеттік мекеменің қызметін ұйымдастыру

8.1. Оқыту және тәрбиелеу қызметі білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген және міндетті негізгі және қосымша бағдарламаларды жүзеге асыратын оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Мекеме Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында айқындалған шектерде оқыту нысандары, құралдары мен әдістерін таңдауда өзіндік құқылы.

8.2. Оқу үдерісін іске асыру үшін мекеме тиісті үлгілік оқу жоспарларының және үлгілік оқу бағдарламаларының негізінде жылдық жұмыс оқу жоспарын және оқу сабақтарының кестесін әзірлейді және бекітеді.

8.3. Мектепке дейінгі, мектеп алды даярлық және жалпы білім беретін оқу бағдарламалары жеке адамның жалпы мәдениетін қалыптастырудың, жеке адамды қоғамдағы өмірге бейімдеудің міндеттерін шешуге, мамандықты саналы түрде таңдау мен меңгеру үшін негіз жасауға бағытталған.

8.4. Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мазмұнына қарай мынадай оқу бағдарламаларына бөлінеді:

8.4.1. мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтыру тұтастығы принциптерін ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін, әр баланың талабын, бейімділігін, қабілеттілігін, дарындылығын іске асыруға және оның даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, дара әдіс негізінде оны бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын меңгертуге және оқудың, жазудың, есептеудің және тілдік қатынас тәжірибесінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады және бастауыш білім беруді меңгеру үшін бірдей бастапқы жағдайларды жасауға бағытталады;

8.4.2. мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары тәрбиенің тұтастығы қағидаттарын ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін іске асыруға арналған. Балаларды оқыту, дамыту және сауықтыру, әрбір баланың талаптарын, бейімділігін, қабілеттерін, дарындылығын іске асыру және оның даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсіл негізінде бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын меңгеру және тілдік қарым-қатынас есебі мен практикасының қарапайым дағдыларын қалыптастырады және бастауыш білімді меңгеру үшін бірдей бастапқы жағдайлар жасауға бағытталған;

8.4.3. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі он талпынысы мен алғырлығын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталады;

8.4.4. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады.

8.4.5. Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы білім алушылардың бейін алды даярлығын қамтиды. Әрбір пәннің мазмұнын зерделеу негізгі орта білім беру деңгейінде аяқталады. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл.

Жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бейіндік оқытуды енгізе отырып, білім беру мазмұнын саралау, интеграциялау және кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі - екі жыл.

Дарынды балалардың әлеуетті мүмкіндіктерін неғұрлым толық дамыту үшін оқу бағдарламасының жекелеген пәндерін тереңдетіп оқытуды көздейтін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларымен жұмыстанады.

8.5. Білім алушылардың жекелеген санаттары үшін психологиялық-медициналық-педагогтік консультациялардың ұсынымдары ескеріле отырып айқындалатын, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму және әлеуеттік мүмкіндіктерінің ерекшеліктері ескерілетін арнайы оқу бағдарламалары әзірленеді.

8.6. Мекемеге қабылдау (мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау) тәртібі тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік қағидаларында сай жүргізіледі. Құжаттардың тізімі бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдау ережелерімен және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиісті мемлекеттік стандарттарымен анықталады.

8.7. Жекеменшік білім беру мекемелері мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс, ақылы қызметтер көрсету туралы шартты жасай отырып, ақылы негізде жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануын қамтамасыз етеді.

8.8. Ақылы негізде қызметтер көрсететін білім беру ұйымдарының және білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі.

8.9. Сыныптардың пәндерді оқып-білу кезіндегі тізімі мемлекеттік білім беру стандартымен айқындалады, оқушыларды сыныптарға және топтарға бөлу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметтің үлгілік қағидаларының бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

8.10. Оқу сабақтары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басталады және аяқталады. Оқу жылының ұзақтығы, академиялық апталар мен каникулдар санын қоса алғанда, білім беру саласындағы мемлекеттік стандарттың және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес анықталады.

8.11. жекеменшік мекемеде келесі жұмыс режимі мен сабақтар белгіленуі мүмкін: бірінші ауысымда сабақ басталуы - 8:00 (8:30 немесе 9:00) сағат, екінші ауысымда - 13:30 (14:00) сағат. Сабақ кестесінде күн сайынғы сабақтың саны, ұзақтығы мен реттілігі, сонымен қатар сабақ арасындағы үзілістердің ұзақтығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларымен реттеледі. Сабақтар кестесі эпидемиологиялық жағдайға сәйкес уәкілетті органмен белгілеген шектеу шаралары негізінде өзгеруі мүмкін.

8.12. Білім беру ұйымдары жүзеге асыратын оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау мен есепке алу оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі болып табылады.

8.13. оқу және тәрбие жұмыстарын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуге тиіс;

8.14. орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау бекітілген оқу-тәрбие процесінің оқу жылына арналған графигі мен бекітілген теориялық және практикалық сабақтардың кестесі негізінде жүзеге асырылады;

8.15. орта білім беру ұйымдарында, оқу-тәрбие жұмысын есепке алу электронды немесе альтернативті журнал жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

8.16. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие бағдарламалары білім беру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және имандылық сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған:

8.17. Білім беру ұйымдарында нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айырықшалықты насихаттауға, милитаристік және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған принциптеріне қайшы келетін өзге де идеяларды насихаттауға тыйым салынады;

8.18. Жекеменшік мекемеде саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдардың ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың жұмысына жол берілмейді. Мемлекеттік мекеме зайырлы және діни білімнің бөліну принципін сақтауға міндетті. Кез-келген түрде діни білім алуға жол берілмейді. Мектеп формасының сақталуы Қазақстан Республикасы заңнамаларына негізделген.

8.19. Оқу-тәрбие процесі білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің адамгершілік қадір-қасиетін өзара құрметтеу және мүгедектердің құқықтарына білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде құрметпен қарау негізінде жүзеге асырылады:

8.20. білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға және зорлық-зомбылыққа жол берілмейді;

8.21. білім алушыларға алғашқы медициналық көмек көрсетуді мейірбике көрсетеді, ол әкімшілік пен педагогтар құраммен бірге білім алушылардың денсаулығы мен физикалық дамуына, медициналық шаралардың өткізілуіне және санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуына жауап береді.

8.22. Білімді ағымдағы бақылау мен оқушылардың аралық аттестациялары, оларды өткізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамаларын және Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.

8.23. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады.

8.24. Карантин жағдайында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда білім беруді қашықтан ұйымдастыру және тоқсанға бір бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсанның соңында тарау бойынша жиынтық бағалау өткізіледі.

8.25. Үлгерімнің ағымдық мониторингін, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім алушылардың үлгерімін, аралық және қорытынды аттестаттауын бақылаудың стандартты ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен түлектерге мемлекеттік білім беру ұйымы мөрімен куәландырылған тиісті білімі туралы құжат беріледі.

9. Мекемедегі білім беруге қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

9.1. Мекемеде білім беру процесінің субъектілері деп педагогикалық қызметкерлер, білім алушылар, ата-аналар немесе заңды өкілдер болып табылады.

9.2. Мектепте сабақ беруге кәсіби білімі немесе арнайы педагогикалық мамандығы бар педагог қызметкерлер жіберіледі.

9.3. Педагогикалық қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалары, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңымен анықталады.

9.4. Білім алушылардың құқықтары:

9.4.1. типтік оқыту бағдарламасымен және типтік оқу жоспарына сәйкес сапалы білім алу;

9.4.2. қысқартылған оқу бағдарламасының, оқу жоспарының негізі бойынша типтік үлгісінде педагогикалық кеңестің шешімі бойынша білім алу;

9.4.3. оқу жоспарына сәйкес баламалы курсты таңдау;

9.4.4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер және материалдармен жабдықталған ақпараттық ресурстарды тегін пайдалану;

9.4.5. оқу залы, акт залы, кітапхана, спорттық жабдықтарын тегін пайдалану;

9.4.6. еркіндік, жеке пікірлерін ашық айту;

9.4.7. өз адамгершіліктеріне құрметпен қарау;

9.4.8. оқудағы жетістіктеріне, шығармашылық және ғылыми жұмыстары үшін марапатталу;

9.4.9. бастапқы дәрігерге дейінгі медициналық-санитариялық көмек алу.

9.5. Білім алушылардың міндеттері:

9.5.1. типтік оқу бағдарламасымен және типтік оқу жоспарының талаптарына сәйкес сапалы білім алу, практикалық дағдыларын жетілдіру, талаптары Жарғыда көрсетілгенішкі тәртіп ережесін сақтау;

9.5.2. білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларында көзделген тапсырмалардың барлық түрлерін белгіленген мерзімде орындау

9.5.3. өзін – өзі жетілдіру, денсаулыққа мән беру, рухани байлыққа ұмытылу;

9.5.4. мектеп дәстүрін және педагог қызметкерлерін сыйлау;

9.5.5. жалпы адами рухани құндылықты сыйлау;

9.5.6. мектеп мүлкіне ұқыптылықпен қарау;

9.5.7. оқу үрдісінде зайырлы сипаттағы киім үлгісін сақтау.

9.6. Оқушылардың міндеттерін бұзғаны үшін ішкі тәртіп ережелерінде қарастырылған шаралар қолданылады.

9.7. Оқушыларды қоғамдық, қоғамдық-саяси ұйымдарына, қозғалыстарға, партияларға кіруге мәжбүрлеу және оларды осы ұйымдардың қызметіне тарту, үгіттеу жұмыстарына, саяси әрекеттеріне тартуға жол берілмейді.

9.8. Оқушылар төмендегі жағдайларда мектептің оқушылар құрамынан шығарылады:

9.8.1. ата-анасының немесе заңды өкілінің өтініші бойынша;

9.8.2. денсаулық жағдайына байланысты дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтама қорытындысы негізінде;

9.8.3. өзге білім беру ұйымына ауысқан жағдайда;

9.8.4. білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымының алқалық басқару органдарының шешімі бойынша;

9.8.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген өзге де жағдайларда.

9.9. Оқушының оқудан шығарылуы туралы педагогикалық кеңесінің шешімі негізінде мектеп басшысының бұйрығымен рәсімделеді.

9.10. Ата-аналар мен заңды өкілдерінің заңды құқықтары:

9.10.1. ата-аналар комитеті арқылы мектеп басқару органымен жұмыстануға;

9.10.2. өз балаларының тәртібі және оқу үлгерімі бойынша ақпарат алуға;

9.10.3. өз балаларының келісім шарт бойынша қосымша қызмет алуына;

9.10.4. психологиялық-медициналық, педагогикалық консультациялардан өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде консультациялық көмек алуға құқығы бар.

9.11. Ата-аналары немесе заңды өкілдері міндетті:

9.11.1. мектеппен балалардың өмірі мен оқуына жасалған шартты орындауға;

9.11.2. мектеп Жарғысының талаптарын орындауға;

9.11.3. балаларының сабаққа қатысуы және тәрбиесін қадағалауға;

9.11.4. балаларға өмір сүруі үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың интеллектуалдық және дене күшін дамытуын, адамгершілік жағынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

9.11.5. мектеппен ынтымақтастық жасауға, балалардың мектепке баруын қамтамасыз етуге;

9.11.6. балалардың оқу үлгерімін бақылауды жүзеге (болған жағдайда электрондық журналды) асыруға.

10 . Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

10.1. Жарғыға өзгерістер мен қосымшалар заң негізінде қарастырылған тәртіп бойынша енгізіледі.

10.2. Жарғыға өзгерістер мен қосымшалар Уәкілетті органмен бекітіледі.

11. Серіктестіктің таза табысын оған қатысушылардың арасында бөлу

11.1. Серіктестіктің онын жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысын серіктестікке қатысушылардың арасында бөлу серіктестіктің тиісті жылдағы қызметінің нәтижелерін бекітуге арналған серіктестікке қатысушылардың кезекті жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жүргізіледі.

Жалпы жиналыс таза табысты немесе оның бір бөлігін серіктестікке қатысушылар арасында бөлуден шығарып тастау туралы шешім қабылдауға да құқылы.

11.2. Серіктестіктің жалпы жиналысы қатысушылар арасында табысты бөлу туралы шешім қабылдаған жағдайда, әр қатысушы бөлінген табыстың бір бөлігін серіктестіктің жарғылық капиталындағы оның үлесіне сәйкес алуға құқылы. Төлемді серіктестік жалпы жиналыс таза табысты бөлу туралы шешім қабылдаған күнінен бастап бір ай ішінде ақшалай нысанда жүргізуі тиіс.

12. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату

12.1. Серіктестік қатысушылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

12.2. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Серіктестікке қатысушылар:

Капанов Кайдар Кисметұлы



«УТВЕРЖДЕНО»
Решением учредителя №1
от 12 февраля 2014 года
К.Х.Капанов



УСТАВ

Товарищества с ограниченной ответственностью
«Международная гимназия Уральска
имени Хисмета Капанова»

Уральск, 2014 г.

1. Общие положения

1.1. Товарищество с ограниченной ответственностью «Международная гимназия Уральска имени Хисмета Капанова» (далее - МГУ) является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан.

1.2. Единственным участником товарищества является:

1) Капанов Кайдар Хисметович, уроженец Актюбинской области, удостоверение личности № 041753890 выдано МВД РК от 16.09.2016г. ИИН 571008302007, проживающий по адресу: Республика Казахстан, Западно-Казахстанская область, район Байтерек с. Мичурино, ул. Восточная 3.

1.3. Firmenное наименование товарищества:

1) на государственном языке - ЖШС «Хисмет Капанов атындағы Орал халықаралық гимназиясы»

2) на русском языке «Международная гимназия Уральска имени Хисмета Капанова»

3) на английском языке LLP «International school of Uralsk by Khismet Karapov»

1.4. Местонахождение и адрес МГУ: Республика Казахстан, Западно-Казахстанская область, г.Уральск, микрорайон Жана-Орда, дом 22/1

1.5 «Международная гимназия Уральска имени Хисмета Капанова» - это учебно-воспитательный комплекс, в составе которого детский сад с группами дошкольной подготовки и школой полного дня

1.6. Срок деятельности товарищества: без ограничения.

1.7. Статус субъекта частного предпринимательства - субъект малого предпринимательства.

1.8. Основные виды деятельности - дошкольное воспитание и обучение, начальное образование, основное среднее образование и среднее образование (общее среднее, техническое и профессиональное).

1.9 Миссия: обеспечение организационно-подготовительных условий для формирования личности гимназиста способной к саморазвитию

б) оспаривать в судебном порядке решения органов товарищества, нарушающие их права, предусмотренные Законом Республики Казахстан "О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью" (далее - Закон) и (или) уставом товарищества.

3.2. Участники МГУ обязаны:

- 1) соблюдать требования учредительного договора;
- 2) вносить вклады в уставный капитал товарищества в порядке, размерах и в сроки, предусмотренные учредительными документами;
